

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 39 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 3 9 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы

К Е Л І С І М

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шарт ережелерін негізге ала отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін негізге ала отырып, жұмыс күшінің олардың аумақтары арқылы жүріп-тұруы үшін қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін түсіне отырып,

занды еңбек көші-қоны Тараптар мемлекеттері экономикасының өсуі мен мәдени жақындасуының факторы болып табылатынын назарға ала отырып,

халықтың денсаулығын сақтау саласындағы өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетуге
ж ә р д е м д е с у ма қ с а т ы н д а ,
көшіп-қонушы еңбекшілерге медициналық көмек көрсету проблемаларын шешуде
ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің күш-жігерін біріктірудің орындылығын түсіне
о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілетін терминдердің мынадай
ма ғ ы н а с ы б а р :
көшіп-қонушы еңбекші – Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматы болып
табылатын, өзі азаматы болып табылмайтын және тұрақты тұрмайтын басқа Тарап
мемлекетінің аумағында заңды негізде жүрген және заңды негізде еңбек қызметін
ж ү з е г е а с ы р а т ы н а д а м ;
медициналық қорытынды – осы Келісімге 1-қосымша болып табылатын Тараптар
мемлекеттерінің бәрі үшін бірыңғай нысандағы айналадағылар үшін қауіп төндіретін
аурулардың тізбесінде көрсетілген аурулардың ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің
көшіп-қонушы еңбекшісінде жоқ екендігі туралы орыс тіліндегі құжат;
уәкілетті органдар – құзыретіне осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер
кіретін Тараптар мемлекеттерінің органдары.

2-бап

М ы н а л а р :
Беларусь Республикасынан – Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі;
Қазақстан Республикасынан – Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі;
Қырғыз Республикасынан – Денсаулық сақтау министрлігі, Жастар, еңбек және
жұмыспен қамту министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі;
Ресей Федерациясынан – Денсаулық сақтау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі,
Ф е д е р а л д ы қ к ө ш і - қ о н қ ы з м е т і ;
Тәжікстан Республикасынан – Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі,
Тәжікстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Көші-қон қызметі Тараптар
мемлекеттерінің уәкілетті органдары болып табылады.
Бір мемлекеттің уәкілетті органы көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі
туралы медициналық қорытынды беруге құқылы денсаулық сақтау мекемесін (ұйымын
) айқындайды және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттарын ресімдеу

кезінде Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары танитын Көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды беруге құқылы денсаулық сақтау мекемелерінің (ұйымдарының) бірыңғай тізбесін қалыптастыру үшін басқа Тараптың уәкілетті органдарына тиісті ақпарат жібереді.

Тараптар ұсыныстарының негізінде Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдары еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттарын ресімдеу кезінде Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары танитын Көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды беруге құқылы денсаулық сақтау мекемелерінің (ұйымдарының) бірыңғай тізбесін (бұдан әрі – бірыңғай тізбе) бекітеді.

Бірыңғай тізбеге өзгерістер мен толықтырулар Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарының өзара келісімі бойынша енгізіледі.

3-бап

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің көшіп-қонушы еңбекшісі денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды бланкісінің (бұдан әрі – медициналық қорытынды бланкісі) осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген есептік нысаны бар және логотипі, белгісі, елтаңбасы, нөмірі, медициналық қорытынды бланкісінің шығарылуын ұйымдастыруды жүзеге асырған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің атауы бар қорғалған полиграфиялық өнім болып табылады.

Көшіп-қонушы еңбекшіге медициналық қорытындыны осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген бірыңғай тізбеге енгізілген денсаулық сақтау мекемесі (ұйымы) береді.

Медициналық қорытынды бланкілерін шығаруды ұйымдастыруды және оларды есепке алуды Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары өздерінің функцияларын қамтамасыз ету үшін ұлттық бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдары денсаулық сақтау мекемелері (ұйымдары) берген медициналық қорытындылардың тізілімін жүргізеді.

Бұл тізілімде қамтылған ақпаратқа Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары қол жеткізе алады.

Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдары берілген медициналық қорытындылардың тізілімінде қамтылған мәліметтер алмасуды апта сайын жүзеге асырады.

5-бап

Осы Келісімге 3-қосымшада қамтылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйін медициналық куәландыру қағидаларына сәйкес берілген медициналық қорытынды осы құжат берілген күннен бастап үш ай ішінде жарамды.

6-бап

Бір Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген бірыңғай тізбеге енгізілген денсаулық сақтау мекемесі (ұйымы) берген медициналық қорытындыны басқа Тарап мемлекетінің уәкілетті органдары осы Тарап мемлекетінің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттарын ресімдеу үшін таниды.

7-бап

Көшіп-қонушы еңбекшіде осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген ауру анықталған жағдайда, жұмысқа орналасу мемлекетінің уәкілетті органдары осы көшіп-қонушы еңбекші азаматы болып табылатын немесе тұрақты тұратын Тарап мемлекетінің уәкілетті органдарына анықтаған ауру туралы дереу хабарлайды.

Егер жұмысқа орналасу мемлекетінің халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, көшіп-қонушы еңбекшінің жұмысқа орналасу мемлекетінде одан әрі болуы мен медициналық қамтамасыз етілуі осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер жұмысқа орналасу мемлекетінде көшіп-қонушы еңбекшінің ауруы медициналық қорытынды берілген сәтке дейін пайда болғаны анықталған жағдайда (алынған медициналық қорытындының бұрмалану фактісі зерттеудің клиникалық-зертханалық, патоморфологиялық және басқа да құралдық әдістерімен расталады), онда жұмысқа орналасу мемлекетінің уәкілетті органы бұл туралы осы көшіп-қонушы еңбекші азаматы болып табылатын немесе тұрақты тұратын Тарап мемлекетінің уәкілетті органдарына дереу хабарлайды және хабарламаға бұрмалау фактісін растайтын материалдарды қоса береді.

Осы көшіп-қонушы еңбекші азаматы болып табылатын немесе тұрақты тұратын Тарап мемлекетінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы медициналық қорытындыны бұрмалау фактісі расталған кезде осы Келісімнің 2-бабында белгіленген тәртіппен осы медициналық қорытындыны ресімдеген денсаулық сақтау мекемесін (ұйымын) бірыңғай тізбеден алып тастайды.

8-бап

Осы Келісім мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар және келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Егер дау тараптарының бірі даудың екінші тарапына консультациялар және келіссөздер жүргізу туралы жазбаша ресми өтініш жіберген күнінен бастап дау тараптары дауды олар арқылы алты ай ішінде реттемесе, онда дау тараптарының арасында оны шешу тәсіліне қатысты өзгеше уағдаластық болмаған кезде, дау тараптарының кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін бере алады.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

12-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке қабылданған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылушы мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

13-бап

Әрбір Тарап депозитарийді бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы. Мұндай Тарапқа қатысты осы Келісімнің қолданысы депозитарий тиісті хабарламаны алған күнінен бастап алты ай өткен соң тоқтатылады.

20__ жылғы «__» _____ қаласында орыс тілінде бір данада

жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның расталған көшірмесін Тараптарға жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Р е с е й</i>		<i>Т ә ж і к с т а н</i>
<i>Федерациясының</i>		<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
Е у р а з и я л ы қ	э к о н о м и к а л ы қ	
қ о ғ а м д а с т ы қ қ а	м ү ш е	
м е м л е к е т т е р д е	к ө ш і п - қ о н у ш ы	
е ң б е к ш і	д е н с а у л ы ғ ы н ы ң	ж а й -
к ү й і	т у р а л ы	м е д и ц и н а л ы қ
қ о р ы т ы н д ы н ы	ө з а р а	т а н у
к е л і с і м г е		т у р а л ы

- 1-қосымша
- Айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар тізбесі
- 1 . Н а ш а қ о р л ы қ
 - 2 . П с и х и к а л ы қ а у р у л а р
 - 3 . Т у б е р к у л е з
 - 4 . А л а п е с (Г а н с е н а у р у ы)
 - 5 . А И Т В и н ф е к ц и я с ы

6. Негізінен жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, венерологиялық лимфогранулема (донованоз), шанкроид

Е у р а з и я л ы қ	э к о н о м и к а л ы қ	
қ о ғ а м д а с т ы қ қ а	м ү ш е	
м е м л е к е т т е р д е	к ө ш і п - қ о н у ш ы	
е ң б е к ш і	д е н с а у л ы ғ ы н ы ң	ж а й -
к ү й і	т у р а л ы	м е д и ц и н а л ы қ
қ о р ы т ы н д ы н ы	ө з а р а	т а н у
к е л і с і м г е		т у р а л ы

2-қосымша

ЕурАзЭҚ ЛОГОТИПІ

М е д и ц и н а л ы қ	қ о р ы т ы н д ы	
б л а н к і с і н	ш ы ғ а р у д ы	
ұ й ы м д а с т ы р у д ы	ж ү з е г е	а с ы р ғ а н
Е у р А з Э Қ - қ а	м ү ш е	м е м л е к е т т і ң
атауы		

Фотосуретке арналған орын	ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің көшіп-қонушы еңбекшісі денсаулығының жай-күйі туралы №_____ медициналық қорытынды			
	(қорытынды берген мекеменің (ұйымның) атауы және мекенжайы)			
	1.	Т.А.Ә.	(толық)	_____
	2.	Жынысы	_____	
	3.	Туған күні	_____	
	4.	Жеке басын куәландыратын құжат	_____	
	(құжаттың түрі, нөмірі, берілген күні және кім берген, ЖСН)			
	5.	Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы	_____	

	6. Тексеру нәтижелері* :			
6.1.	АИТВ инфекциясы:	анықталды/анықталған	жоқ**	
6.2.	ЖЖБИ (мерез, венерологиялық лимфогранулема (донованоз), шанкроид):	анықталды/анықталған	жоқ**	
6.3.	Алапес (Гансен ауруы):	анықталды/анықталған	жоқ**	
6.4.	Психикалық аурулар, нашақорлық белгілері:	анықталды/анықталған	жоқ**	
6.5.	Туберкулез:	анықталды/анықталған	жоқ**	
Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінің (ұйымның) басшысы:				
(Т.А.Ә., қолы)				
М.О.				
Е с к е р т п е :				
*18 жасқа дейінгі баламен келген жағдайда, 6.1 - 6.5-тармақтар бойынша мәліметтер, сондай-ақ АҚДС, полиомиелитке, қызылшаға, қызамыққа, паротитке, «В» вирусты гепатитіне, туберкулезге қарсы бұрын жүргізілген екпелердің бар-жоғы (ауырған аурулары) туралы мәліметтер, соңғы 3 жылдағы туберкулинодиагностика нәтижелері ұсынылады. қажеттісінің астын сызу.				
Толтырылған күні: 20___ ж «_____»				
Қолданылу мерзімі: 3 ай				

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімге 3-қосымша

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйін медициналық куәландыру қағидалары

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйін медициналық куәландыру ол азаматы болып табылатын мемлекеттің, тұрақты тұратын мемлекеттің немесе уақытша тұратын мемлекеттің Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде

көшіп-қонушы еңбекші денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындыны өзара тану туралы келісімнің 2-бабында аталған бірыңғай тізбеге енгізілген денсаулық сақтау мекемелерінде (ұйымдарында) жүргізіледі.

Адамда туберкулездің бар (жоқ) екенін медициналық куәландыру

Фтизиатр-дәрігер осы аурудың рентгенологиялық зерттеу деректерімен расталған клиникалық белгілері болмаған кезде, адамда туберкулездің жоқ екені туралы қ о р ы т ы н д ы б е р е д і .

Көшіп-қонушы еңбекші ата-анасымен келген 12 жасқа дейінгі балаларға фтизиатр-дәрігер осы аурудың клиникалық туберкулинодиагностика әдісімен расталған белгілері болмаған кезде балада туберкулездің жоқ екені туралы қорытынды береді.

Адамдарда алапестің (Гансен ауруының) және негізінен жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялардың (мерез, венерологиялық лимфогранулема (донованоз), шанкроид) бар (жоқ) екенін медициналық куәландыру

Дерматовенеролог-дәрігер көрсетілген аурулардың иммундық-ферменттік талдау нәтижелерімен расталған клиникалық белгілері болмаған кезде алапестің (Гансен ауруының) және негізінен жыныс жолдарымен берілетін инфекциялардың (мерез, венерологиялық лимфогранулема (донованоз), шанкроид) жоқ екені туралы қорытынды береді.

Адамда АИТВ инфекциясының бар (жоқ) екенін медициналық куәландыру

Дерматовенеролог-дәрігер АИТВ инфекциясы бар деп күмән туғызуы мүмкін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДдСҰ) өлшемдеріне енгізілген иммундық-ферменттік талдау нәтижелерімен расталған симптомдары болмаған кезде адамда АИТВ инфекциясының жоқ екені туралы қорытынды береді.

Адамда психикалық аурулар белгілерінің, нашақорлық белгілерінің бар (жоқ) екенін медициналық куәландыру

Клиникалық тексеріп-қарауды психиатр-нарколог дәрігер және психиатр-дәрігер ж ү р г і з е д і .

Айғақтар болған жағдайда, дәрігер адам ағзасында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың метаболиттерінің бар-жоғына диагностика жү р г і з у г е ж о л д а м а б е р е д і .

Адамда психикалық аурулар белгілерінің, нашақорлық белгілерінің жоқ екені туралы қорытынды көрсетілген аурулардың клиникалық белгілері болмаған кезде осы

аурулар бойынша диспансерлік есепте тұрмайтын адамдарға беріледі.

Көшіп-қонушы еңбекші ата-анасымен 18 жасқа дейінгі бала келген жағдайда ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің көшіп-қонушы еңбекшісі денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды бланкісінің 6.1 – 6.5-тармақтары бойынша мәліметтер және бұрын жүргізілген АҚДС, полиомелиетке, қызылшаға, қызамыққа, паротитке, «В» вирусты гепатитке, туберкулезге қарсы епелер (ауырған аурулары) туралы мәліметтер, соңғы 3 жылдағы туберкулинодиагностика нәтижелері де ұсынылады.